

## **Testter.kz сайтындағы білім беру контентін қолдану бойынша**

### **ҚҰПИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

#### **1. Анықтамалар**

1.1. Осы Құпиялық саясаттың мақсатында келесі анықтамалар қолданылады:

1.1.1. «Сайт иесі» — «TECHNO PARTNERS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 230840002814) келесі құжаттарға ие:

- «Сервис» , «testter.kz» деп аталатын ЭЕМ-ге арналған бағдарламаны пайдалануға айрықша құқық 2021 жылғы 17 маусымдағы № 18805 авторлық құқық объектісіне мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің негізінде «Сервис», «testter.kz» ЭЕМ бағдарламасы білім беру ұйымдарының оқушыларына, орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне және басшыларына арналған әртүрлі тестілеу түрлеріне дайындық алаңы.

1.1.2. «Сайт» - «Сервис «testter.kz» - цифрлық білім беру ресурстарының білім беру порталы (<http://www.testter.kz>) веб-беттердің, бөлімдердің, қосымшалардың, сервистердің (бұдан әрі – беттер), мазмұнның, сондай-ақ осы ақпараттың Интернет желісінде желілік мекенжай (домендік атау) <https://www.testter.kz/>, оның ішінде сайттың мобильді нұсқасы бойынша қолжетімділігін қамтамасыз ететін тиісті бағдарламаның жиынтығынан тұрады.

1.1.3. «Контент» — дизайн элементтері, иллюстрациялар, графикалық суреттер, фотосуреттер, скрипттер, мәтіндер, бейнелер, музыка, дыбыстар және/немесе объектілер Сайттың ақпараттық, аналитикалық және Сайттың иесі, Пайдаланушылар немесе үшінші тұлғалардың құқықтары иелік ететін зияткерлік қызметтің нәтижесі немесе нәтижесі болмайтын басқа объектілер;

1.1.4. «Пайдаланушы» — 16 жасқа жеткен немесе одан асқан және іс-әрекетке қабілеттілігі сотпен айырылмаған немесе шектелмеген кез келген жеке тұлға және заңды тұлға;

1.1.5. «Дербес деректер» — қолжетімділігі шектеулі дербес деректер санатына Қазақстан Республикасының заңнамасымен жатқызылған Пайдаланушы туралы ақпарат (тегі, аты, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, кіру бойынша есептікке алу деректері: құпиясөз, логин/лақап ат/есім және т.б.).

1.1.6. «Есеп жазбасы (аккаунт)» — кіру мүмкіндігін беру мақсатында Пайдаланушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректердің жиынтығы;

1.1.7. «Cookies» — веб-сервер жіберетін және Пайдаланушының компьютерінде сақталатын және тиісті сайттың парақшасын ашу кезінде HTTP-сұрауы арқылы веб-клиент немесе веб-браузер веб-серверге әр кез сайын жіберетін деректердің шағын бөлігі;

1.1.8. «IP-адрес» — IP хаттамасы бойынша құрылған компьютер желісіндегі тораптың бірегей желілік мекенжайы.

1.1.9. «Дербес деректерді өңдеу» — дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығару, қолдану, беру (тарату, ұсыну, қолжетімді ету), иесіздендіру, оқшаулау, жоюды қоса алғанда, автоматтандыру құралдарды қолданумен немесе осындай құралдарды қолданусыз дербес деректерге қатысты кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттердің (операциялардың) жиынтығы.

## **2. Жалпы ережелер**

2.1. Пайдаланушының Сайтты қолдануы осы Құпиялық саясатымен және Пайдаланушының Дербес деректерін өңдеу шарттарымен келісуін білдіреді.

2.2. Пайдаланушы осы Құпиялық саясаты, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 16.11.2015 ж. № 401-V ҚРЗ Заңы, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 21.05.2013 ж. № 94-V Заңы, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 24.11.2015 ж. № 418-V ҚРЗ Заңы және дербес деректерді қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерімен анықталған талаптарға сәйкес Сайтқа ұсынылған Пайдаланушының және/немесе үшінші тұлғалардың дербес және басқа да деректерін, кәмелетке толмаған балалардың аталған деректерін қоса алғанда, жинауға, өңдеуге, сақтауға және қолдануға/таратуға өзінің келісімін береді.

2.3. Осы Құпиялық саясатының шарттарымен келіспеген жағдайда Пайдаланушы Сайттың қолдануын тоқтатуы керек.

## **3. Құпиялық саясатының мәні**

3.1. Осы Құпиялық саясаты Сайттың Контентін қолдануы кезінде Сайттың иесі сұрауы бойынша Пайдаланушы беретін дербес деректердің жарияламау және құпиялығын қорғау тәртібін қамтамасыз ету бойынша Сайт иесінің міндеттемелерін анықтайды.

3.2. Осы Құпиялық саясаты шеңберінде өңдеуге рұқсат етілген Дербес деректерді Пайдаланушы тіркеу нысанын толтыру не мемлекеттік дерекқорынан оларды жинау мен өңдеуге келісім білдіру арқылы береді және оған мынадай ақпарат кіреді:

3.2.1. Пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты;

3.2.2. жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі;

3.2.3. Пайдаланушының байланыс телефоны;

3.2.4. Пайдаланушының электрондық поштасының мекенжайы (e-mail);

3.2.5. Пайдаланушының тұрғылықты жері.

3.3. Сайт жарнамалық блоктарды қарау барысында және жүйенің статистикалық скрипті («пиксель») орнатылған парақшаларға кірген кезде автоматты түрде берілетін Дербес деректерді қорғайды:

- IP мекенжай;
- cookies-тан ақпарат;
- браузер туралы ақпарат (немесе жарнама көрсетуге қол жеткізуді жүзеге асыратын басқа бағдарлама)
- кіру уақыты;
- жарнама блогы орналасқан беттің мекенжайы;
- реферер (алдыңғы беттің мекенжайы).

3.3.1. Cookies-ті өшіру авторизацияны талап ететін портал сайтының бөліктеріне кіру мүмкін еместігіне алып келуі мүмкін.

3.3.2. Портал өз келушілерінің IP-мекен-жайлары туралы статистиканы жинауды жүзеге асырады. Бұл ақпарат жүргізілетін қаржылық төлемдердің заңдылығын бақылау үшін техникалық проблемаларды анықтау және шешу мақсатында пайдаланылады.

3.3. Жоғарыда келісілмеген кез келген өзге де дербес ақпарат (сатып алу тарихы, пайдаланылатын браузерлер және операциялық жүйелер және т.б.) осы Құпиялылық саясатының 5.2 және 5.3 тармақшаларында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, сенімді сақтауға және таратпауға жатады.

#### **4. Пайдаланушының дербес ақпаратын жинау мақсаттары**

4.1. Пайдаланушының Дербес деректерін Сайт иесі осы мақсатта пайдалана алады:

4.1.1. Пайдаланушының Идентификациясы.

4.1.2. Пайдаланушыға Сайттың дербестендірілген ресурстарына қол жеткізуді ұсыну.

4.1.3. Пайдаланушымен кері байланыс орнату, соның ішінде Сайтты қолдануға, қызмет көрсетуге қатысты хабарламаларды, сұраныстарды жіберу, Пайдаланушыдан сұраныстар мен өтінімдерді өңдеу.

4.1.4. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтықтың алдын алу үшін Пайдаланушының орналасқан жерін анықтау.

4.1.5. Пайдаланушы ұсынған дербес деректердің дұрыстығы мен толықтығын растау.

4.1.6. Егер Пайдаланушы Есеп жазбасын жасауға келісім берсе, Контентті пайдалану үшін Есеп жазбасын жасау.

4.1.7. Сайтты қолданумен байланысты проблемалар туындаған кезде Пайдаланушыға тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету.

4.1.8. Пайдаланушыға оның келісімімен өнімді жаңарту, арнайы ұсыныстар, бағалар туралы ақпарат, жаңалықтарды тарату және Сайт атынан немесе Сайт серіктестерінің атынан өзге де мәліметтер беру.

4.1.9. Пайдаланушының келісімімен жарнамалық қызметті жүзеге асыру.

4.1.10. Өнімдерді, жаңартуларды және қызметтерді алу мақсатында Сайт серіктестерінің сайттарына немесе сервистеріне Пайдаланушыға қол жеткізуді ұсыну.

## **5. Дербес деректерді өңдеу тәсілдері мен мерзімдері**

5.1. Пайдаланушының Дербес деректерін өңдеу мерзімінің шектеуінсіз, кез келген заңды тәсілмен, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде жүзеге асырылады.

5.2. Пайдаланушының Дербес деректері Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің уәкілетті органдарына ҚР заңнамасында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша ғана берілуі мүмкін.

5.3. Дербес деректер жоғалған немесе жария етілген жағдайда Сайт иесі Пайдаланушыны дербес деректердің жоғалғаны немесе жария етілгені туралы хабарлайды.

5.4. Сайт иесі Пайдаланушының дербес ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

5.5. Сайт иесі Пайдаланушымен бірге Пайдаланушының дербес деректерін жоғалтудан немесе жария етуден туындаған залалдарды немесе өзге де теріс салдарларды болдырмау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

## **6. Тараптардың міндеттемелері**

6.1. Пайдаланушы міндетті:

6.1.1. Сайтты қолдану үшін қажетті дербес деректер туралы ақпаратты ұсыну.

6.1.2. Осы ақпарат өзгерген жағдайда дербес деректер туралы ұсынылған ақпаратты жаңарту, толықтыру.

6.2. Сайт иесі міндетті:

6.2.1. Алынған ақпаратты осы Құпиялылық саясатының 4 тармағында көрсетілген мақсаттар үшін ғана пайдалану.

6.2.2. Құпия ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз ету, Пайдаланушының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жария етпеу, сондай-ақ осы Құпиялылық саясатының 5.2 және 5.3 тармақшаларын алып тастағанда Пайдаланушының берілген дербес деректерін сатуды, айырбастауды, жариялауды немесе басқа да ықтимал тәсілдермен жария етпеу.

6.2.3. Қолданыстағы іскерлік айналымда осындай ақпаратты қорғау үшін әдетте пайдаланылатын тәртіпке сәйкес Пайдаланушының Дербес деректерінің құпиялылығын қорғау үшін сақтық шараларын қабылдау.

6.2.4. Тиісті пайдаланушыға қатысты дербес деректерді пайдаланушының немесе оның заңды өкілінің не Дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның тексеру кезеңіне өтініш жасаған немесе сұратқан сәтінен бастап, дұрыс емес дербес деректер немесе заңсыз іс-әрекеттер анықталған жағдайда бұғаттауды жүзеге асыру.

## **7. Тараптардың жауапкершілігі**

7.1. Осы Құпиялылық саясатының 5.2, 5.3 және 7.2 тармақшаларында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өз міндеттемелерін орындамаған Сайт иесі дербес деректерді заңсыз пайдалануға байланысты Пайдаланушы шеккен шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Құпия ақпарат жоғалған немесе жария етілген жағдайда, Сайт иесі жауапты болмайды, егер осы құпия ақпарат болса:

7.2.1. Ол жойылғанға немесе жария болғанға дейін қоғамдық игілікке айналды.

7.2.2. Сайт иесі оны алған сәтке дейін үшінші тараптан алынды.

7.2.3. Пайдаланушының келісімімен жария етілді.

## **8. Дауларды шешу тәртібі**

8.1. Осы Келісімді орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

8.2. Дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, осы Құпиялылық саясатынан не оған байланысты туындайтын барлық даулар, келіспеушіліктер немесе талаптар, соның ішінде оның бұзылуына, тоқтатылуына немесе жарамсыздығына қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер немесе талаптар Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында түпкілікті реттеуге жатады (Тараптардың келісімі бойынша істі қарау орнын кәсіпкерлік субъектілері арасындағы дауларды қарауға уәкілетті басқа да соттарды таңдауға болады және т.б.).

## **9. Қосымша шарттар**

9.1. Сайт иесі осы Құпиялық саясатына Пайдаланушының келісімінсіз өзгерістер енгізуге құқылы.

9.2. Жаңа Құпиялық саясаты, егер Құпиялық саясатының жаңа редакциясымен өзгеше қарастырылмаса, оны сайтта орналастырған сәттен бастап күшіне енеді.